

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат  
БАЙҚАДАМОВ:  
«ІСКЕРЛІГІ  
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:  
«ОЙ БИГІНДЕГІ  
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ

**Д**үниенің дөңгелек екендігі ақиқат болса, сол шеңберде адам мен адамның кездесері де ақиқат. Алла пендесін сынақ беріп жаратады екен де, сол сынақтан сүрінбей өткен ғана адам қалпын сақтап, Алланың сүйген құлына айналады. Бұл да ақиқат. Әңгіме төркінін бұлайша ақиқаттылықтан бастауымның өзіндік сыры мен шыны да жоқ емес. Халықаралық публицистикада терең қалам тербеп жүргендер саусақпен санарлық деп айтамыз-ау, бірақ кімдер барын нақты білмейтіндігімізді ішке бүгіп қаламыз. Қолыңыздағы компьютеріңізді қосып, торап беттерін парақтап Бақыт Рүстемов деп жазсаңыз көптеген мәліметтерге тап боласыз. Апырай, қазақ елінде осындай дәрежеге жеткен, бірақ, жіті танылып насихатталмаған халықаралық публицист, журналист бар екен-ау деп қалмасыңызға мен кепіл. Созбақтамай, әңгіменің түп төркініне көшейін.

Бақыт Рүстемов туралы оқырманға түсінік қалыптастыру үшін, электронды википедиядан бастайын. Википедия. Ойланып қарасам кез келген жазушы немесе журналист, қарапайым адамның оған ене бермесі анық. Ал, Бақыт Рүстемов әлемдік википедияға қалай жол тартып жүр? Егер бұл жазушының, публицисттің шығармашылығы мен өміріне терең барлау жүргізсеңіз, дер кезінде әлем мойындаған екен деген пікірдің де қалыптасары сөзсіз. 2012 жылы Қазақ жазушыларының арасында электронды анықтамалық википедияға енген ең жас жазушы бар екен. Ол – Бақыт Рүстемов.

Кешегі Қазақ елінің ауқымды бөлігі Өзбек ағайындардың қарамағында болған тұста қазақ деген атым бар, өзбек деген затым бар деп өскен, рухы қазақ ата-апаларымыздың бүгінгі тұяғы да осы Бақыт ағамыз. 1952 жылы қаһарлы қыстың ақырған аязында, желтоқсанның жиырма бірінде дүние есігін ашқан. Желтоқсанның жиырма бірі сіздер үшін қызығушылық тудыра ма? Әңгіменің төркінін осы тұстан бастауымыз керек шығар. Жиырма бір қазақ үшін қасиетті сан. Желтоқсан – тарихымыздағы ең сайқал саясаттың құрбаны болған мінезді ай. Хижра жыл санауының өзі сан мен айдың қасиетіне көңіл бөлгенде, пендешілік пен ғұмыр кешкен біз үшін қасиетті қадірлеу парыз емес пе! Қазақта «ақ түйенің қарыны жарылған күн» деген керемет сөз бар. Ал, Рүстемовтар отбасында «Ақ койдың қарыны жарылған күн» деген аталы сөз қалыптасқан. Мұны айтып отырған себебім, Бақыт аға дүниеге келгенде ақ жүні үлпілдеп тазалықтың, адал өмірдің нышанындай аппақ қой мені сойыңдар дегендей белгі білдірген екен. Ол қалай деп қызығушылықтан сауал туса, Жамила ананың сұхбатынан оқыңыздар.


Мектеп жасынан қара жұмысқа ат салысып, өмір өткелдерінен сатылап өтіп, өмірде өзіндік орнын тапқан жан. Токсаныншы жылдардың соңында Шымкент












Студенттік шақ  
1977 жыл



Студенттік шақ  
1977 жыл



Поволжьедегі әскердегі кезі. 1972 жыл

қаласындағы есімі елге танылып үлгерген Бақыт Рүстемов туралы шырайлы өлкенің құрметті азаматтарынан пікір жинау, айтылған сөздің қаншалықты ақиқат екеніне көз жеткізу мақсатында келесі сапарымды арнадым. Оңтүстік өңірінің құрметті азаматы Сергей Терченко ұрпақтарынан бастап, бүгінде ел ағасы болып тоқсанның тұғырына қонған бірнеше зиялы қауымның есігін қақтық. Алған жауап тұщымды. Шын мәнісінде ол адалдығымен, еңбексүйгіштігімен, тәрбиесімен, бітім-болмысымен, ең бастысы білімімен Шымкент қаласының мақтанышы болған. Бұл бүкпесіз ақиқат. Өмір баспалдақтарынан мүдірмей көтерілген Бақыт Рүстемов Президенттік аппаратта, Ішкі саясат бөлімінде көптеген сарабал ойлар мен салиқалы істердің бастаушысы болған. Егер әділетсіздіктің құрбаны болмағанда, бүгінде Президенттік аппараттың білгір ардагері болып отырар еді. Әттең-айы көп өмірде Бақыт аға еш мойымады. Неге? Өйткені, қасиетті қалам мен өзінің адалдығы секілді ақ қағазды жанына серік етті. Мұны екі рухани сабақтастықтың бір арнада тоғысуы деп түсінген жөн. Бұл Бақыт Рүстемовтің мемлекеттік мекемелердегі жасаған қызметтеріне жалпы сипаттама.

Википедиядағы келесі бөлім, жазушының шығармашылық қыры. Әкесі Төлегеннен дарыған қасиет болса керек, Бақыт аға өлең жазып, мұңайған шақтарында қара сөзбен сырласады екен. Әр елге барғандағы әсерін немесе елге деген сағынышын, ата-анасына деген махаббатын осылай өлең арқылы жеткізсе, өмірдің ащы зарын терме арқылы жеткізетін де өнері бар. Бұл Бақыт Рүстемовтің көпшілікке белгісіз қырлары.

Қоғамдағы ең маңызды мәселені тақырып етіп көтеріп, тынымсыз еңбек етуінің арқасында журнал беттерінде көптеген мақалалары жарық көруде. Мәселен, Бахытқожа Рүстемов – 2005 жылы ресми ақпараттық құралдарда 50 беттік ғылыми еңбегімен, «Адам маймылдан жаралған» деген Дарвинның теориясына батылдығымен қарсы шыққан қаламгер. Ең бірінші көтерілген тақырыпқа қарсы пікірлердің саны шексіз болатын секілді, Бақыт Рүстемовтың бұл мақаласы біраз дүниені дүр сілкінтті. Соның ішінде теолог мамандарды. Өзінің дәлелді ғылыми еңбегінің арқасында кез келген сауалдарға еш мүдірмей жауап қатып, көтерген тақырыбының мазмұнын айқындап берді. Түрлі БАҚ өкілдерінің қызығушылығын тудырған мақалалар бірінің соңынан бірі жарияланып, өзіндік бағасын алып жатты.

Бақыт Рүстемов елшіліктермен тығыз байланыс орнатып, Қазақ елінің өзге мемлекеттермен достық қарым-қатынас орнатуына үлкен үлес қосып жүрген қарапайым қазақ арасынан шыққан дара азамат. Егер сіз Астана қаласына тұрақтай қалсаңыз Вьетнам, Куба, Сауд Аравия, Иран, Түркия сынды көптеген мемлекеттердің елшілігіне табан тіреп, «Қазақтан қандай жазушыны немесе журналисті білесіз?» деп сауал қойсаңыз, еш мүдірместен Бақыт Рүстемов деп жауап береді. Дәл осындай сәтті журналист ретінде мен бастан өткердім. Бұл халықаралық деңгейге көтерілген Бақыт Рүстемовтың еңбектерінің жемісі. Тәуелсіздіктің 16 жылында Тәуелсіз еліне 16 кітап сыйлаған ағамыздың оқырмандарына берері көп болғандығының белгісі бүгінгі таңда жиыр-



мадан астам кітаптың авторы атануда. Куба Республикасының елшісімен болған сұхбатта Карлос мырзаның «Мен Бақыт Рүстемов сынды қазақтың қаршадай баласы арқылы қазақ халқын таныдым. Баласының еліне деген махаббатын көріп, қазақ үшін Отан деген ұғымның жоғары екенін білдім. Мемлекеттік қызметте жүрмей, өз қаражатымен достық қарым-қатынас орнатып жүрген ұлдарыңызды көріп, қазақ ұлтының қайтпас-қайсар, ар мен намысты жоғары бағалайтынын білдім. Өмірде Бақыт Рүстемовке байлық емес, кітап, адами құндылық керек екендігін істерінен байқап, менде бір өкініш туды. Егер біздің Куба Республикасында Бақыт Рүстемов сынды ұлтының, елінің мүддесін күйттеген бір ғана жазушы болса, біз басымызды иіп, мемлекеттің төрінен орын беріп, құрмет көрсетіп, шығармашылықпен айналысуына жағдай туғызар едік. Әттең-айы сол, бізде ондай азаматтар жоқ. Бар болса да қазақтың Бақытындай болмайды» деген сөзі мен үшін мақтаныш сезімін оятқанымен, кейбір тұстары жаныма қатты батты. Сөздің сүйектен өтетіні рас болса, кез келген көзі қарақты оқырманға әсер етері сөзсіз.

Бақыт ағаның үйінен үстел үстінен керемет қобдишаны көзімнің шалып қалғаны. Қызығушылық танытып қандай қобдиша екенін сұрадым. Сонда Бақыт аға ерінбей рухани тұрғыдан бағалы екенін түсіндіріп жатты. Естелік болар құнды дүние дерсіз. Ең қызығы, ішіндегі Корольдің қабылдауында болғанын растайтын құжат. Жүз жыл, мейлі сан мыңдаған ғасыр өтсе де құндылығын жоймайтын дүние. Араб әмірлігінде Бақыт Рүстемовтің ұрпақтары осы кішкентай қағазды алып жүрсе, ол мемлекет үлкен құрмет көрсетіп, Араб әмірлігінің шекарасынан шыққанға шейінгі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мекке Мәдинаға ағамыздың жолы қалай түсті, енді осыған назар аударайық.

Мені қатты қызықтырғаны Сауд Аравия елшілігі. Өкінішке қарай, елші мырза ресми сапармен жол жүріп кеткен екен. Егер сұхбат болғанда

ойымдағы көптеген сауалдарыма жауап алушы едім. 2011 жылы теледидардан «Таңшолпан» бағдарламасынан құлақ шалып қалғаным бар еді. «Қазақ ұлты Қазақстан Республикасы болғалы бері Сауд Аравиясы мемлекеті басшысының арнайы шақыруымен Мекке Мәдинаға барып, қажылық сапарын өтеп, елдің патшасы - Король Абдалла ибн Абдель Азиз Аль Саудтың 0100011008091807180 араб. دب ع نب هللا دب ع لآ زرعلا жеке қабылдауында болған екі қазақ бар. Оның бірі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы болса, екіншісі – Бақыт Рүстемов». Осындай мәліметті естіген журналистте сауал тумасы мүмкін емес жағдай ғой. Елбасымыздың қабылдауда болғаны түсінікті жағдай. Ал, мемлекеттік қызметте істемейтін, мемлекеттік лауазымы жоқ, қатардағы қарапайым адамдардың арасынан Бақыт Рүстемов қалай барып жүр? Осы тұста Қазақ-Араб елшілігіндегілердің астыртын жұмыс жасауы мүмкін бе?

Әрине, мүмкін, ондай опасыздық жасалды да. Бірақ, Аллаға көзі тура адал адамға, Алланың да көзі тура. Опасыздар мен атаққұмарлар жасай беретін ғұмырда, опасыздық пен жалғандықтың отын өшіре алмаймыз. Ол үшін кешегі Әл-Фараби айтқан Қайырымды қаланың тұрғындары болуымыз керек. Мына қоғам шыншылдар мен бақыттылыққа қадам жасайтындарды көтере алмайды. Елші мырзамен сұхбат болғанда, сұрақтардың жауабын өз аузынан өз құлағыммен естір едім. Амал қанша, Алла нәсіп етпеген іске бет бұра алмайды екенсің. Ақордамыздағы елшілермен кездесу үшін өзге журналистер бір айлап, тіпті жылдап кезек күтетін болса, мен бір күнде бірнеше елшіліктің төрінен орын алдым. Елшілік дегеніміз сол елдің шекарасы ретінде есептелетіні шын болса, онда мен қаншама елді көргенім ғой. Әрине, осының баршасы әуелі Алла, екінші жорналшы тілшілігімнің, одан арғысы Бақыт Рүстемовтің арқасы деп білемін. Астанадағы сапарда өзімді халықаралық журналист дәрежесіне жеткендей күй кештім.



Король Абдалла ибн Абдель Азиз Аль Саудтың Бақыт Рүстемовке сыйлығы



Бақыт Рүстемовтің сонымен қатар, Вьетнам Социалистік Республикасының елшілігімен арнайы шақырту алып, қабылдауда болғанын білеміз. Мені қызықтырғаны, сол Бақыт ағамыздың жай қабылдауға барып, қыдырып қайтпай, тың жаңалықтарды алып келуі. Қандай жаңалық дейсіздер ғой? Токсан миллион тұрғыны бар Вьетнам халқының будда дінін ұстанатынын білетінім шындық болса, ол жерде мұсылман дінін ұстанатындардың бар екенін және оларға арнап салынған мешіттің бар екенін бұрын сонды білмеппін. Бұл әрбір мұсылман үшін мақтаныш емес пе! Бақыт Рүстемовтің естеліктерін оқып отырып Қырымда Өзбек ханның мешіті мен медресесінің бар екенін білдім. Даңқты Бейбарыс баһадүрдің біз Египет еліндегі мешітінің бар екенінен хабардармыз. Ал, Қырымда Бейбарыс Сұлтанның 1277 жылы өз қаражатына салдырған

шы, халықаралық публицист, журналист. Ойланып қалдым да, мүмкін осы тақырыпта қалам тербеген шығар дедім. Жоқ. Түйсігім бұл жолы адасыпты. Бір кездері қоғамда қаптап кеткен «бандиттердің» жасаған дүниелеріне куә болғаннан кейінгі жан айқайы екенін, сараптай келе, пікірлесе ұғындым. Астана қаласы. Мемлекеттік жұмыстан алшақтаған сәт. Отбасын бағу мақсатында шағын дүкен ашып, кішкентай кәсібін айналыра бастаған Бақыт Рүстемовтің қолындағы көмекші туысын бандиттер ұстап алып, қорқытып күніне тапқан табыстарының бірнеше пайызын беріп тұрасындар, егер бермесендер өлтіреміз деп сес көрсетеді. Өлімшідей сабалған туысы қансыраған күйде келіп, мән жайды баяндап, тек милицияға айтпауын өтініп, егер айтса әлгі бандиттердің отбасыларыңды түгел өлтіремін деген сөзі бар екенін жеткізеді. Осы тұста өз

өмірін, отбасының өмірін қауіп-қатерге тігіп, ішкі істер бөлімінен көмек сұрап, өзі пышақталып аурухананың төрінен шықса да, өзінен кейінгі бейкүнә жандардың өміріне, кәсіптеріне кедергі келмесін деп, қоғамын ойлап, үлкен жауыздықтың тамырына балта шабады. Бұл істің басында тұрғандардың баршасы ұсталып, өлім жазасына кесіліп әділеттіліктің туы желбірейді. Істі ойдағыдай атқарғандары үшін, Ішкі істер бөліміндегі барша қызметкерлер мемлекет тарпынан өзіндік бағаларын алған. Бірақ, ...бірақ Бақыт Рүстемовтің тәуекелге бел байлап, өзі мен отбасын өлімге қиып, қазақ қоғамы үшін жасаған ерлігі еленбей, жабулы қазан жабулы күйінде қала береді. Осыған қарап кімді әділетсіз дерінді де білмей сасады екенсің. Әрине,



Қалтай Мұхамеджановпен бірге

мешіті бар екенін кім біледі?! Білсек неге хабардар етпейміз. Мемлекет Египеттегі мешітін арнайы қаржы бөліп қалпына келтірді. Егер Қағар елінде мешіті бар екенін білсе оны да қалпына келтіріп, баба алдындағы аманатты орындар еді деп ойлаймын. Бақыт Рүстемов арқылы мен толық білдім, суретін көрдім. Егер осыны біліп тұрып, мәселе етіп алдағы уақытта көтермесем, менің журналистігіммен қоса азаматтығыма да сын болмақ.

Барған жерінен жаңалықпен оралуды жақсы көретін ағамызға Алланың нұры жауып, ойламаған тұстан қанжығасы майланып қайтады екен. Осыдан соң, Алланың сүйген құлы демеуге хақымыз жоқ. Бақыт Рүстемовтің барған мемлекеті мен жасаған жұмыстарын саралай берсек, бір журнал емес том-том жинақ шығаруға болады. Өйткені, бір емес бірнеше мемлекеттер турасында энциклопедиялық еңбек жазып шыққан тұлға. Сондықтан да ең негізгілерін айтайын.

Википедия. Кідірмеске тағы болмас. «Борьба с бандитизмом» тараушасы немесе бөлім. Ол жазу-

Бақыт Рүстемов елден атақ немесе сыйақы күтпейді. Алайда, суға кетіп бара жатқан бір адамды құтқарғандарға медаль беріп жатады емес пе. Ал, бір адамды емес, қоғамды құтқарған азаматтың еңбегі еленсе, бұл теріс пиғыл болмас. Бұл менің жеке журналистік, азаматтық пікірім. Осы тақырыпты ерлікке пара-пар етіп, әлемдік электронды википедияға енгізген адамға біздің атымыздан алғыс шексіз.

Ақиқатын айтқанда, Бақыт Рүстемов бір кітапты жазып шығу үшін, жүздеген толымды еңбектерді ақтарып шығады. Өйткені, олардың барлығы оның болашақ еңбектеріне жол ашатын қадамдар. Себебі, тұтас құрлықтық, болмаса жекелеген елдердің саяси, мәдени, діни әлемін тегіс қамти шығарма жазып шығу осындай тындырымдылық пен ыждаһаттылықты қажет ететіндігі белгілі. Бақыт ағаның: «Мен материалдық тұрғыдан бай емеспін. Түні бойы кітаптарымды жазамын, ал күндіз ескі көлігіммен адам тасып күн көремін», – деген сөздері мені таң қалдырған болатын. Сондықтан да, тынымсыз еңбеккер Бақыт Рүстемовті оң бағалай



алсақ жөн болар. Ол түні бойы қаламына дес бермей, күндіз бала-шағасының қамымен тірлік кешетін, қоғам өмірінің әр тарапынан табылуға тырысатын. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегін, тәуелсіз еліміздің жеткен жетістігін жалпақ әлемге жария етуге публицистикасымен сүбелі үлес қосып келе жатқан азамат. Адамға бақыт адал еңбекпен, шүкіршілікпен келеді деген пікірі де жоқ емес.

Бақыт Рүстемовтің айналысып жатқан еңбектерінің қайсысы болсын көп адамдардың қолынан келе бермесі хақ. «Әрбір кітабы жүректің қалауынан туындаған әлемді мойындатып, бір адам жүйелеп жаза алмайтын, бір институттың жасайтын дүниесін жалғыз өзі тынымсыз еңбегінің арқасында жазатын. Латын Америкасының зиялылары жөніндегі энциклопедиялық еңбек жазған Қазақстанды айтпағанда, Орта Азия халықтарының ішіндегі ең бірінші ҚАЗАҚ». Бұл менің емес Джефри Секстонның берген бағасы. Сондықтан да, әлем халықтары мойындаған Бақыт Рүстемовті еш мүдірмей «Қазақтың Христофор Колумбы», «Халықаралық публицистика, халықаралық журналистиканың пионері», «Қазақтың Отто Лацисі» деп нық сеніммен айтуымызға болады. Жас оқырмандардың құлағына алтын сырға.

«Отбасымды қалай асыраймын немесе ертең балаларымның күні не болады деп менің жүрегім ауырған емес. Қазақтың ессіз бүгіні мен бұлыңғыр болашағын, құнсызданып бара жатқан жетесіз саясатын ойлап жүрегім ауырады» деген сөзін естіп нағыз ұлттының жанашыры, қазақ халқына нағыз керек адамы екенін түсіндім. Ал, мұндай асылды ардақтап, құрметтеуіміз керек емес пе!

Бұл қаламгердің шығармашылығынан мәліметтер мен берілген бағалар.

Бақыт Рүстемов, сонымен қатар, еліміздің демографиялық өсуіне де үлес қосып жүрген құрметті әке. Кешегі Елубай, Алпысбайлардың бүгінгі жалғасы. Өзі үлкен отбасыда тәрбиеленіп шыққаннан кейін, бала менің бақытым деп өмір сүруде. Осы тұстан алып қарағанда да, Бақыт Рүстемовті жастарға үлгі тұтуға әбден болады. Адам өмірге жазушы болу үшін емес, адам болу үшін келеді. Адам деген ардақты атты алғаннан кейін, өмірге ұрпақ әкеліп, әке атанып, тәрбие бере білуі қажет. Бүгінгі қоғамда ата-анаға байланысты менің бір білетінім бар, ол өгей әке мен өгей шешенің балаларға көрсеткен зорлық-зомбылығы. Өмірдің ащысы мен тұщысын қатар көрген Бақыт Рүстемов өмірде сегіз баланың ардақты әкесі. Бірақ, баршасының қаны бір болғаны мен дүниеге

әкелген аналары әртүрлі. Алғашында бір-біріне деген бауырмалдық сезімдерін, сағынышын, сыпайылықтарын көріп, баршасы бір анадан туған ба деп қаларыңыз сөзсіз. «ӘКЕ, АНА» деген қасиетті сөзді қастерлете тәрбиелей білген жанның ғана қолынан келетін дүние екен бұл. Сол жанның қатарына Бақыт ағаны жатқыза аламыз. Балаларын оқытып, көздерін шуақ пен білім нұрына толтырған сайын, Бақыт ағаның да білімді болғандығын сөздерінің астарынан ұғындым. Әке мен бала арасындағы, әке мен қыз арасындағы кіршіксіз махаббатты көрдім. Қызы Әйгерімнің алыста білімін толықтырып жүріп әкесіне, бауырларына деген сағыныштан жазған хатын оқып, шынайы жақсы көретінін түсіндім. Түсініп қана қоймай, осындай тәрбиені өзгелерге насихаттауымыз керек деген ой қалыптасты.



Қаламгердің жеке торап әлеміндегі суреттерінде шек жоқ. Әрине, баршасы маңызы бар, өзіндік естеліктерге толы сурет. Ішінде менің көзіме ерекше көрінгені, Бақыт ағаның шаңырағында барша бауырлары жиналып, бір-бір төсбелгі тағып түскен сурет. Бақыт аға Катар мемлекетіне барғанда бауырларына деген махаббатын осылай ерекше білдіргісі келіп, арнайы тапсырыспен жасатып бауырларына таққан екен. Менің ең жақын бауырыма, менің ең жақсы көретін қарындасыма немесе әпкеме деген секілді мәтіндер жазылған. Ерекшелік қой.

Қорыта айтқанда, адамдық тұлғасы адалдық ниетімен дараланған Бақыт Рүстемовтің өмір жолы мен шығармашылық шыңы осылай өрбіп келуде. Барды бағалау, одан арғысы келешек ұрпаққа насихаттау ол біздің алға қойған мақсат.

**Назира  
СӘБИТҚЫЗЫ**